

AQTOĞAI AJARY

Aqtoğai aýdandyq qoғamdyq-saiasi basylym

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№48 (7885)
Жұма
2 желтоқсан
2022 жыл

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі



Құрметті Отандастар! Ханымдар мен мырзалар! Қадірлі қонақтар!

Биыл халқымыз үшін айрықша маңызды жыл болды. Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біз түбегейлі бетбұрысқа жол ашқан ауқымды өзгерістер жасадық. Конституциялық реформаны жүзеге асырдық. Мемлекетіміздің ең басты салаларын жан-жақты жаңғырттық. Соның арқасында халықтың болашаққа деген үміті артып, сенімі нығая түсті.

Мен аймақтарды аралап, тұрғындармен кездескенде бұған айқын көз жеткіздім. Сондай-ақ, өткен референдум тың бастамаларды жұрттымыздың жаппай қолдайтынын көрсетті. Халықтың дұрыс бағыттағы өзгеріске ұмтылысы жұмысқа зор серпін берді. Біз реформаларды соңына дейін міндетті түрде жеткізуіміз қажет.

Конституцияның жаңа талабына сәйкес бұдан былай Президент жеті жылдық бір мерзімге ғана сайланады. Осылайша, саясаткерлердің жаңа буыны билік басына келе бастайды. Мен осы шешімнің дұрыс болғанына көміл сәемін.

Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылады. Осындай жаңа саяси маусымды Президент сайлауы бастап берді. Сайлау науқаны 3 айға жуық уақытқа созылды. Осы кезеңде еліміздің болашағы туралы түрлі мазмұнды пікірталастар болды. Жұрттымыз өз болашағына бейжай қарамайтынын көрсетті. Азаматтық қоғамның кемел институтқа айналғаны айқын аңғарылды. Саяси алаңға жаңа тұлғалар шықты. Осылайша, халқымыз 20 қарашада өз таңдауын жасады.

Сайлау әділ әрі ашық өтті. Бұл – байқаушылардың, сарапшылар мен журналистердің берген бағасы. Ел-жұрттың

белсенділігі ерекше жоғары болды. Кейбір азаматтар бүкіл отбасымен келіп, дауыс берді. Бұл науқан ел мүддесі үшін ұлт болып біріге алатынымызды көрсетті.

Бабаларымыз қай заманда да бірлігін бәрінен биік қойған. Біз ата жолын сақтай білген, заманауи және өркениетті ел екенімізді бүкіл дүние жүзіне паш еттік. Бірлігіміздің бекемдігін тағы да дәлелдей алдық.

Осы сайлауда жұрттымыз маған зор сенім білдірді. Шын мәнінде, ел сенімін еш нәрсемен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма – батасы деп қабылдаймын.

Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін.

Қазақта «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымыздың сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгенін бәрін жасаймын.

Сайлауға қатысқан барша жұртқа ризашылығымды білдіремін. Науқанға атсалысқан қауымға, байқаушылар мен журналистерге зор алғыс айтамын. Президенттікке кандидаттарға да құрметімді білдіремін. Сайлауда саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар маңызды сәтте жұдырықтай жұмыла алатынын көрсетті.

(Жалғасы 2-бетте).



Қазақстан-2050: білім стандарты

Бүгінде елімізде білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді пайдалану міндеті тұр.

Күні кеше аудан орталығындағы ауыз толтырып айтуға тұрарлық ілкімді істің күәсі болдық. Білім беруді тұрақты дамыту қоры, кәсіпкер-меценаттар мен «Қазақстан Халқына» қоры бас біріктіріп, «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының аясында Ақтоғай ауылындағы К.Байсейітова мектебінің материалдық техникалық базасын бастан-аяқ жаңартып, жаңаша білім беруге бет бұрған мектеп ұжымына қолдау білдірді.

Жаңашылдыққа бет бұрған білім ұясы

Ұлттық идеяның төңірегіне ұйысқан азаматтардың еңбегінің нәтижесінде жаңғырып, қайта түлеген білім ордасының таныстырылымына Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Е.Әліқұлов, «Білім беруді тұрақты дамыту» қорының директоры Д.Тоқтарбаев, «Қазақстан Халқына» қорының ресми өкілі Д.Бейсенбек, «Aitas» Холдингінің әлеуметтік бағдарламалар жөніндегі вице-президенті К.Верба және аудан әкімі С.Әбеуова, аудандық білім бөлімінің басшысы С.Жүнісов және мектеп ұжымы қатысты.

Аталмыш мектеп бас-аяғы 2 ай мұқдарында қажетті материалдық-техникалық базалармен жабдықталды. Мектептің бірінші қабатында кіреберісте үлкен интерактивті тақтада барлық сыныптың сабақ кестесі мен ұстаздар тізімі және басқа да ақпараттар көрсетілген. Сол арада аялдаған ел ағалары «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы жөнінде аз-кем ақпарат берді. Бұдан әрмен алқалы топ қазіргі заманғы стандарттар бойынша барлық қажетті жабдықтармен қамтылған «Intellectum» студиясы, STEM зертханасы, ART студиясын және өзге де пәндік сыныптарды аралап, жаңа құрылғылармен танысты.

– Мектепте 378 бала оқиды және 49 педагог жұмыс жасайды. Аудан іргесіндегі ауылдардың



төрт магниттік мектебі орналасқан, біз олармен тығыз қарым-қатынас орнатып отырымыз. Біздің алға қойған негізгі мақсатымыз ауылдағы оқушылардың заманға сай зейінін ұштап, білім сапасы жағынан қала оқушыларымен тең дәрежеде болу. Біздің мектептің оқушылары бұған дейін талай мәрте республикалық, облыстық, аудандық байқауларда бағын сынап, жүлделі орындарды қанжылаған. Енді бізге бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткізудің мүмкіндігі туып отыр. Біздің ұжымға материалдық база мен әдістемелік нұсқау жағынан қолдау білдіріп отыр. Оқу жабдықтарынан бөлек, спорттық жабдықтар да толығымен жаңартылды. Біз алдағы уақытта Қарағанды қаласының НЗМ мен қоян-қолтық жұмыс жасап, мамандардың әдістемелік көмегіне жүгінетін боламыз, – деді К.Байсейітова мектебінің директоры Қ.Амрлина.

Шара соңынан қонақтар халықаралық ән байқауларында топ жарып жүрген «Әуен» ансамблінің өнерін тамашалады. Сонымен қатар, аудан әкімі С.Әбеуова осы істің жүзеге асуына ат салысқан азаматтарға барша аудан тұрғындары атынан алғысын білдірді.

– Жаңғырудың екі түрі бар: біріншісі – инфрақұрылым, екіншісі – сана. Кез-келген ұжымның жаңашылдыққа бет бұруға, өзгеруге дайын әрі бейім болуы қажет. Ақтоғайдағы ұстаздар қауымынан біз мұны көріп отырымыз. Педагогтар шығармашылықпен жұмыс жасауға, алға жылжуға ұмтылады. Жобаның бірінші кезеңі өз мәресіне жетті. Мектепті жабдықтауға және білім беруді талдауға екі ай уақыт кетті. Алда НЗМ әдіснамасы мен тәжірибесін енгізу арқылы білім беру сапасын арттыру жұмысы күтіп тұр, – деді «Білім беруді тұрақты дамыту» қорының директоры Д.Тоқтарбаев.

Қор мұнымен тоқтап қалмай, келесі жылы Қарағанды облысының тағы бірнеше ауылдық мектептері жобаға қатысатын болады деп уәде берді.

Е.АЙТЖАН.

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылдық округінің Тасарал ауылындағы көшені қайта атау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Тасарал ауылы халқының пікірін ескере отырып және Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастикалық комиссиясының 2022 жылғы 11 наурыздағы қорытындысының негізінде

ШЕШТІМ:

1. Тасарал ауылдық округінің Тасарал ауылындағы Орталық көшесін Таңыбай батыр көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тасарал ауылдық округінің әкімі Н.Сейтов.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
_____ облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 18.11.2022
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №30620 болып енгізілді.

Жоба

Ақтоғай ауданы әкімінің 2020 жылғы 5 маусымдағы №1 «Ақтоғай ауданында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

ШЕШТІМ:

1. Ақтоғай ауданы әкімінің 2020 жылғы 5 маусымдағы №1 «Ақтоғай ауданында сайлау учаскелерін құру туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5862 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

№ 476 сайлау учаскесі келесі редакцияда жазылсын:

«№ 476 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы - Сарышаған кенті, Теміржол көшесі, ЗБ. Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Сарышаған кентіндегі жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Сарышаған кенті бойынша Абай көшесіндегі № 1, 1А, 2, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 14А, 15, 17, 19, 19/1, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27/2, 32, 34, 34/2, 35, 37, 38, 38Б, 40, 42, 44, 46, 48, 50/1, 56, 58, 60 үйлер, Ынтымақ көшесіндегі № 5, 6, 7, 8, 9, 9/1, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21 үйлер, Теміржол көшесіндегі № 1, 2/1, 4, 8, 18, 18А, 20, 21, 21/2, 22, 23, 24, 25, 26, 26А, 27, 28, 29, 29/2, 30, 31/1, 32, 33, 34, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 46/2, 47, 48, 49, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 62/2, 64 үйлер, Энергетик көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 үйлер, Бейбітшілік көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16, 16А, 17, 19, 20, 22, 24 үйлер және Көктас, Весна, Новалы, Қаражынғыл теміржол бекеттері».

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

№ 477 сайлау учаскесі келесі редакцияда жазылсын:

«№ 477 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы - Сарышаған кенті, Абай көшесі, 12. Мәдениет үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Сарышаған кенті бойынша Балқаш көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 23А, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 44, 48, 50, 52, 53 үйлер, Тәуелсіздік көшесіндегі №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 24А, 25, 26, 27, 28, 29, 31, 32, 33, 34А, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 40А, 40Д, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 47/1, 47А, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 58, 58А, 60, 62/1, 64, 66, 68, 70 үйлер, Мектеп көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 13/2, 14, 16, 16/1, 17, 18, 19, 21, 21А, 22, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 30А, 31, 31/2, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 40, 42, 46, 46А, 46Б, 48, 50, 52, 54 үйлер, Жастар қиылысы көшесіндегі № 1, 2, 2А, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 үйлер, Достық көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17А, 18, 18А, 18Б, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 37, 37А, 38, 39, 41, 43, 46 үйлер.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтоғай ауданының әкімі С.Әбеуова.

«КЕЛІСІЛДІ»

Ақтоғай аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен

О переименовании улицы в селе Тасарал Тасаральского сельского округа Актогайского района Карагандинской области

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», пунктом 2 статьи 35 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», с учетом мнения населения села Тасарал и на основании заключения областной ономастической комиссии при акимате Карагандинской области от 11 марта 2022 года **РЕШИЛ:**

1. Переименовать улицу Орталық в селе Тасарал Тасаральского сельского округа на улицу Таңыбай батыр.
2. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.
3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Акима Тасаральского сельского округа Н.Сейтов.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
_____ облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 18.11.2022
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 30620 болып енгізілді.

Прект

О внесении изменений в решение акима Актогайского района от 5 июня 2020 года №1 «Об образовании избирательных участков в Актогайском районе»

РЕШИЛ:

1. Внести в решение акима Актогайского района от 5 июня 2020 года №1 «Об образовании избирательных участков в Актогайском районе» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №5862) следующие изменения:

в приложении к указанному решению:

избирательный участок № 476 изложить в следующей редакции:

«Избирательный участок № 476

Центр избирательного участка - поселок Сарышаған, улица Темиржол, ЗБ. Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная средняя школа поселка Сарышаған» отдела образования Актогайского района управления образования Карагандинской области.

Границы избирательного участка: Следующие дома в поселке Сарышаған по улице Абая № 1, 1А, 2, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 14А, 15, 17, 19, 19/1, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27/2, 32, 34, 34/2, 35, 37, 38, 38Б, 40, 42, 44, 46, 48, 50/1, 56, 58, 60, по улице Ынтымақ № 5, 6, 7, 8, 9, 9/1, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, по улице Темиржол № 1, 2/1, 4, 8, 18, 18А, 20, 21, 21/2, 22, 23, 24, 25, 26, 26А, 27, 28, 29, 29/2, 30, 31/1, 32, 33, 34, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 46/2, 47, 48, 49, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 62/2, 64, по улице Энергетик №1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, по улице Бейбитшилик № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16, 16А, 17, 19, 20, 22, 24, разъезды Көктас, Весна, Новалы, Каражынғыл».

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на руководителя аппарата акима Актогайского района.

3. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Избирательный участок № 477 изложить в следующей редакции:

«Избирательный участок № 477

Центр избирательного участка - поселок Сарышаған, улица Абая, 12. Дом культуры.

Границы избирательного участка: Следующие дома в поселке Сарышаған по улице Балқаш № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 23А, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 44, 48, 50, 52, 53, по улице Тәуелсіздік № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 24А, 25, 26, 27, 28, 29, 31, 32, 33, 34А, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 40А, 40Д, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 47/1, 47А, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 58, 58А, 60, 62/1, 64, 66, 68, 70, по улице Мектеп №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 13/2, 14, 16, 16/1, 17, 18, 19, 21, 21А, 22, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 30А, 31, 31/2, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 40, 42, 46, 46А, 46Б, 48, 50, 52, 54, по улице Жастар қиылысы № 1, 2, 2А, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, по улице Достық № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17А, 18, 18А, 18Б, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 37, 37А, 38, 39, 41, 43, 46.

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на руководителя аппарата акима Актогайского района.

3. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Акима Актогайского района С.Әбеуова.

«СОГЛАСОВАНО»

Актогайской районной территориальной избирательной комиссией

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандырушы үстемеақылар белгілеу туралы

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына сәйкес Ақтоғай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен лауазымдық айлықақының 70% мөлшерінде мынадай ынталандырушы үстемеақылар белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтоғай аудандық мәслихаттың хатшысы **Р.Абеуов.**

ЖОБА

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттарын айқындау туралы

Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына сәйкес, Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жергілікті бюджеттен қаржыландыратын ынталандыру үстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттары айқындалсын.

2. «Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтоғай ауданының әкімі **С.Әбеуова**

Қосымша

Ақтоғай ауданы әкімдігінің қаулысына
«__» _____ 2022 ж. № _____

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақылар белгілеу тәртібі мен шарттары Жалпы ережелер

1. Осы ынталандыру үстемелерін белгілеудің тәртібі мен шарттары жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына (бұдан әрі - ынталандыру үстемеақылар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №97892 болып тіркелген) қаулысымен бекітілген Қағидалардың 5-тармағы 3-тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеудің тәртібі мен шарттары ынталандырушы үстемеақыларды айқындау мақсатында әзірленді және жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ауданның ресурстық жастар орталығының азаматтық қызметшілеріне қолданылады.

Ынталандыру үстемеақыларды белгілеу тәртібі

3. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларды қолдану қалалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақылар аудандық мәслихат сессиясының шешімімен белгіленеді.

Ынталандыру үстемеақыларды белгілеу шарттары

5. Ынталандыру үстемеақыларды белгілеу шарттары:

1) осы мемлекеттік мекеменің немесе оның жекелеген бөлімшелерінің одан әрі қалыпты (үздіксіз) қызметі, шұғыл және алдын ала күтпеген жұмысты шұғыл орындалуына байланысты болатын;

2) лауазымдарды қоса атқару кезінде, сондай-ақ, уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру кезінде;

3) міндеттердің кеңейтілген шеңберін жүктеу, жоғары кәсіби деңгеймен және құзыреттілікпен ұштастырылған жұмыстағы жеткілікті тәжірибе (өтіл) және дағдылар, оларды практикада табысты қолдану, сондай-ақ, басқа да көрсеткіштер.

5. Қызметкерге ынталандырушы үстемеақы төленбейді:

1) тиісті мекемеде бір айдан кем жұмыс істесе;

2) сынақ мерзімінен өту кезінде

Об установлении за счет средств местного бюджета стимулирующих надбавок к должностным окладам работников организаций, финансируемых из местного бюджета

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года №1193 «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий» Ақтоғайский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Установить за счет средств местного бюджета следующие стимулирующие надбавки к должностным окладам работников организаций, финансируемых из местного бюджета в размере 70% от должностного оклада.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Секретарь Ақтоғайского районного маслихата **Р.Абеуов.**

ПРОЕКТ

Об определении порядка и условий установления стимулирующих надбавок к должностным окладам работников организаций, финансируемых из местного бюджета

В соответствии с Бюджетным Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 2015 года 31 декабря №1193 «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий» акимат Ақтоғайского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Определить порядок и условия установления стимулирующих надбавок к должностным окладам работников организаций, финансируемых из местного бюджета, согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Государственному учреждению «Отдел экономики и финансов Ақтоғайского района» принять меры, вытекающие из настоящего постановления.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя Ақтоғайского района.

4. Настоящее постановление вводится в действие с 1 января 2023 года.

Аким Ақтоғайского района **С.Әбеуова**

Приложение
к постановлению акимата Ақтоғайского района
от «__» _____ 2022 года № _____

Порядок и условия установления стимулирующих надбавок к должностным окладам работников организаций, финансируемых из местного бюджета Общие положения

1. Настоящий порядок и условия установления стимулирующих надбавок к должностным окладам работников организаций, финансируемых из местного бюджета (далее - стимулирующие надбавки) разработаны в соответствии с пп.3) п.5 Правил, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года № 1193 «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий» (зарегистрирован в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №97892).

2. Настоящий порядок и условия установления стимулирующих надбавок к должностным окладам работников организаций, финансируемых из местного бюджета, разработаны в целях определения стимулирующих надбавок и распространяются на гражданских служащих ресурсного молодежного центра района, содержащихся за счет средств местного бюджета.

Порядок установления стимулирующих надбавок

3. Применение стимулирующих надбавок к должностным окладам работников организаций, финансируемых из местного бюджета, осуществляется за счет средств районного бюджета.

4. Стимулирующие надбавки к должностным окладам работников организаций, финансируемых из местного бюджета, устанавливаются решением сессии районного маслихата.

Условия установления стимулирующих надбавок

5. Условиями установления стимулирующих надбавок являются:

1) выполнение неотложной и заранее непредвиденной работы, от срочного выполнения которой зависит в дальнейшем нормальная (бесперебойная) работа данного государственного учреждения в целом или его отдельных подразделений;

2) при совмещении должностей, а также при замещении временно отсутствующего работника;

3) возложение расширенного круга обязанностей, достаточный опыт (стаж) и навыки в работе, сочетающиеся с высоким профессиональным уровнем и компетенцией, с успешным их применением на практике, а также другие показатели.

5. Стимулирующая надбавка работнику не производится:

1) проработавшего в соответствующем учреждении менее одного месяца;

2) в период прохождения испытательного срока.

«Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы»

Мемлекет қаржылай қолдау жасаған кезде бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес өкілдеріне баса мән береді. Еңбекақы төлеу қорын көбейткен және салық төлемдерін арттырған кәсіпорындарға қолдау көрсетілді. Бұл – негізгі талап.

Сонымен қатар, мемлекеттен көмек алатын бизнес өкілдерін анықтайтын автоматты жүйе енгізіледі. Мемлекеттік сатып алудың мүлде жаңа жүйесі жасалады. Бағаның төмен болуы ғана емес, тауарлар мен қызметтердің сапасы басты назарда болады.

өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда (8 млн. теңге) 106,2% ;

«Алтыналмас Technology» ЖШС бойынша 55362,7 млн. теңгенің өнімі өндірілді, заттай түрде өндірілген құрамында алтыны бар рудалар көлемі 3691,4 мың тонна, құрамында алтыны бар концентраттар 129 мың тоннаға орындалды.

Басқадай шағын кәсіпорындардан өндірілген жалпы өнім көлемі – 47445,7 млн. теңге немесе 2021 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 2 есе (23231,8 млн. теңге) құрады.

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 16257,4 млн. теңге, 2021 жылдың сәйкес мерзімімен (24246,2 млн. теңге)

белсенді халықтың 21,4%-ын құрайды.

ШОБ өнім шығарылымы (тауарлар мен қызмет көрсетулер) – 9 млрд. 600 млн. теңгені құрады.

2022 жылдың 10 айында бөлшек сауда айналымының көлемі 2504,1 млн. теңгені құрап, өткен жылмен (2257,9 млн. теңге) салыстырғанда 110,9%-ға өсті.

Аудан әкімінің грантына аудандық бюджеттен 8,0 млн. теңге қаржы бөлініп, 11 жас кәсіпкер әртүрлі саладан жеңімпаз болып табылып, Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында салық төлеуші ретінде тіркелген, әртүрлі кәсіппен айналысуда.

«Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың бағдарламасы



Өнеркәсібі өрістеген өлке

Кәсіпкерлігі кең қанат жайып, өнеркәсібі өркендеген Ақтоғай өңірінде болашаққа бағдарланған игі істердің іргесі қалануда. Президент тарапынан жарияланған әрбір тарихи құжатпен болашағына бағдар жасап алатұғын ауданнан ел дамуының көріністерін байқайсың. Кейінгі жылдары өңдеу өнеркәсібі өндірген өнімдердің көлемі артып келеді. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері артып, тиісінше жұмыссыз адамдар саны азаюда.

Аудан бойынша кәсіпкерлік және өнеркәсіп саласының 2022 жылдың қаңтар-қазан айындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіштеріне тоқталсақ, аудан бойынша өнеркәсіп өнімінің көлемі 152423,0 млн. теңге, өткен жылмен (121070,1 млн. теңге) салыстырғанда өсім – 125,9%.

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі көрсеткіштерін аудан бойынша 5 орта және шағын деңгейдегі кәсіпорындар: «Алтыналмас АҚ» АҚ кәсіпорыны, тау-кен өндірісіндегі «Балқаш тау-кен» кәсіпорыны, «Балқашбалық» кәсіпорыны, «Алтыналмас Technology» ЖШС және тоқпен жабдықтаудағы Сарышаған тоқпен жабдықтау дистанциясы құрады. Есепті мерзімде аталған 5 кәсіпорынның өндірілген өнімі 104977,3 млн. теңге, жалпы өнеркәсіп өндірісі өнімінің 68%-ы.

Оның ішінде «Алтыналмас АҚ» АҚ-ы қолданыстағы бағамен 48905 млн. теңгенің өнімі өндірілді, 2021 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда (54137 млн. теңге) 90,3% орындалды. Заттай түрде өндірілген алтын көлемі 3531 кг немесе өткен жылмен (3411 кг) салыстырғанда – 103,5%.

Тау-кен өндірісіндегі «Балқаш тау-кен» кәсіпорыны бойынша 559,5 млн. теңгенің өнімі өндірілді, 2021 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда (531,4 млн. теңге) 105,3%. Заттай түрде өндірілген доломит көлемі 535,1 мың тонна немесе өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда (555,7 мың тонна) 96,3%. Төмендеу себебі: «Арселлор Миттал Темиртау» АҚ-ның доломитке сұранысының төмендеуіне байланысты.

«Балқашбалық» кәсіпорыны бойынша 141,6 млн. теңгенің өнімі өндірілді, 2021 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда (73,5 млн. теңге) 192,7%, заттай түрде өндірілген балық 555 тонна.

Тоқпен жабдықтаудағы Сарышаған тоқпен жабдықтау дистанциясы бойынша 8,5 млн. теңгенің қызметі көрсетілді,

салыстырғанда 67%. Нақты көлем индексі – 66,3%.

«Алтыналмас АҚ» АҚ-ның 4563,3 млн. теңге «Қазавтожол» Ұлттық компаниясы – 6164,3 млн. теңге, «Корпорация Ирказ Металл» ЖШС – 5254,7 млн. теңге болса ауыл шаруашылығы – 225,6 млн. теңге



және өзге де қызметтер түрлерінің – 49,5 млн. теңге.

Ағымдағы жылдың 4 қарашасы күні «Ирказ Металл Корпорациясы» ЖШС «Борль» кен орнында катодты мыс өндіретін гидрометаллургиялық зауыттың құрылысы жобасы жалпы құны 9,1 млрд теңгені құрайтын өндіріс орнында 140-тан астам жаңа жұмыс орындары іске қосылды.

Аудан бойынша 1 қараша 2022 жылға тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 1638, оның ішінде 606 дара кәсіпкерлер, 965 шаруа (фермер) қожалықтары, 67 заңды тұлғалар (кәсіпорындар) бар, 2021 жылдың 10 айымен (1478) салыстырғанда 10,8% -ға немесе 160 субъектіге өсті.

Осы тіркелген субъектілердің ішіндегі жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 1611, оның ішінде 589 дара кәсіпкерлер, 962 шаруа (фермер) қожалықтары, 60 заңды тұлғалар (кәсіпорындар) бар, 2021 жылдың 10 айымен (1454) салыстырғанда 10,8% -ға немесе 157 субъектіге өсті.

Жұмыспен қамтылған адамдар саны - 2006. Бұл аудандағы экономикалық

шеңберінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру конкурсына қатысуға аудан бойынша 13 жоба ұсынылды. Осы жоғарыда аталған грантқа қатысушы үміткерлер арасынан 1 жоба жеңімпаз атанып, 5 млн. теңге көлемінде мемлекеттік грант алды.

наубайханаларында (А.Калкеева, Г.Каппарова, А.Бакирова – Ақтоғай ауылы, Шашубай кентінен Р.Зқрина) пісірілген бір бөлше нанның бағасы дүкендерде 105 теңгеден сатылуда.

Игілікті іс-шара акциясы аясында апта сайын Ақтоғай ауылының жеке кәсіпкері

Ағымдағы жылдың 11 айында аудан бойынша 11 әлеуметтік нысан ашылып, жұмсалған қаражат 20 млн 450 мың теңгені құрады.

Алдағы уақытта да аудандағы кәсіпкерлік ісіне жан-жақты жағдайлар жасай отырып, оны одан әрі дамыту жалғаса бермек.

Ауданның басым саласы ауыл шаруашылығы бағытында болғандықтан, аудан халқы сүт, сары май, ірімшік, ет сияқты тағамдармен, өзіндік өндірілген өнімдермен қамтамасыз етіледі.

Аудан халқының 65,9 % етпен, 60,1 % сүтпен, 52,2 % картоп тағамдарымен өзіндік өндірілген өнімдермен қамтамасыз етілуде.

Аудан орталығына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын жергілікті кәсіпкерлер Қарағанды қаласынан жеткізсе және жартылай фабрикаттар, сүт өнімдері, т.б. өнімдерді аптасына бір рет кәсіпорындар өздері жеткізіп береді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы арнайы наубайханалар үшін жеңілдетілген бағада 1 сұрыпты ұн бөлінуіне байланысты, аудан

А.Калкеева және Сарышаған кентіндегі жеке кәсіпкерлер М.М.Хайруллина, С.З.Байтановалар әр жұма сайын көп балалы және аз қамтылған отбасыларына тегін нан таратуда.

Ақтоғай аймағындағы тұрғындар тұрмыстық газды «ГазОйл» ЖШС-нің Ақтоғай бөлімшесіндегі ЖК «С.Кемелбаева» арқылы тұтынады, Сарышаған кентіндегі ЖК «Бейбарыс» автогаз – 75 тт, газ – 110 тт саудалауда.

Автогаз бен тұрмыстық газдың және жанар-жағар майдың бағасы бір қалыпты. Шашубай кентіндегі тұрғындар газды Балқаш қаласынан алады.

Ақтоғай ауданы бойынша 4 жанар-жағармай күйе («Petro Retail» ЖШС Тохметов Асхат Жарылғап, «Petro Retail» ЖШС, «PetroKenshim» ЖШС Абикеева Саулжан Кеншимовна) бекеттері жұмыс жасауда. Бүгінгі күнге АИ-92 – 182 теңге, АИ-95 – 210 теңге, дизель майы - 230/450 теңге.

С.Аубакиров, ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы.

Құқық заңнамасы

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қолданысқа енгізілді

Зандылықты арттыру және құқық қорғау қызметін жүйелі күшейту мақсатында 2022 жылғы 5 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына қол қойды.

Прокуратура қызметінің басты мақсаты адамның, оның өмірін, мемлекеттің жоғары құндылықтары ретінде құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңның үстемдігін қамтамасыз ету және елдегі заңдылықты нығайту болып табылады.

Осылайша, Конституциялық заңның 1-бабына сәйкес прокуратура мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Прокуратура адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде қорғау, Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді;

2) заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтауды және жоюды;

3) құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді.

Сондықтан жоғары қадағалау конституциялық мәртебесі бар заңмен қамтамасыз етілетін болады.

Құқық қорғау әлбетін күшейтуге прокуратура органдарының қарауына жататын өтініштер санаттарының тізбесін нақтылау, заңдылықтың сақталуы бойынша тексерулерді тағайындау тәртібін, сондай-ақ, прокурорлық қадағалаудың өзге де құралдарын реттеуге ықпал ететін болады.

Конституциялық заң қадағалаудың пәрменді құралдары мен тетіктерін көздейді.

Конституциялық заңда Бас Прокурордың жүгіну құқығы бекітілген:

– Конституциялық сотқа Конституцияның 72-бабының 4-тармағына сәйкес (Республиканың халықаралық шарттарын ратификацияланғанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды, Конституция нормаларына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігіне ресми түсіндірме береді);

– Жоғарғы сотқа азаматтық, қылмыстық, өкімшілік істер және өкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот практикасы мәселелері бойынша соттарға түсініктеме беру туралы ұсыныспен.

Сонымен қатар, прокурордың заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді, қаралатын өтініштерді бағалау және өзінің өзге де өкілеттіктерін жүзеге асыру шеңберіндегі талаптары мен сұрау салулары жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдардың, мекемелердің, ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының орындауы үшін міндетті.

Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері олар жіберілген органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың қарауы, орындауы үшін міндетті.

Прокуратура актілерін қарамау, сол сияқты тиісінше қарамау, орындамау не прокурордың заңды талаптарын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Жалпы Конституциялық Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, бизнес, қоғам және мемлекет мүдделерін тиімді сақтауға ықпал ететін болады.

Ақтоғай ауданының прокуратурасы.

Введен в действие Конституционный Закон Республики Казахстан «О прокуратуре»

В целях повышения законности и системного усиления правозащитной деятельности 5 ноября 2022 года Президент Республики Казахстан К.К.Токаев подписал Конституционный закон Республики Казахстан «О прокуратуре».

Главной целью деятельности прокуратуры будут являться защита человека, его жизни, прав и свобод, как высших ценностей государства, обеспечение верховенства закона и укрепление законности в стране.

Так, согласно статье 1 Конституционного закона прокуратура от имени государства в установленных законом пределах и формах осуществляет высший надзор за соблюдением законности на территории Республики Казахстан, представляет интересы государства в суде и от имени государства осуществляет уголовное преследование.

Прокуратура в целях защиты человека, его жизни, прав и свобод как высших ценностей государства, обеспечения законности на территории Республики Казахстан осуществляет следующие задачи:

1) защиту и восстановление нарушенных прав и свобод человека и гражданина, охраняемых законом интересов юридических лиц, общества и государства;

2) выявление и устранение нарушений законности, причин и условий, им способствующих, а также их последствий;

3) координацию деятельности правоохранительных и иных государственных органов по обеспечению законности, правопорядка и борьбы с преступностью;

4) иные задачи, определяемые законами Республики Казахстан и актами Президента Республики Казахстан.

Поэтому высший надзор будет обеспечиваться законом, имеющим конституционный статус.

Усилению правозащитного потенциала будет способствовать уточнение перечня категорий обращений, подлежащих рассмотрению органами прокуратуры, регулирование порядка назначения проверок по соблюдению законности, а также иных инструментов прокурорского

надзора.

Конституционный закон предусматривает действенные инструменты и механизмы надзора.

В Конституционном законе закреплено право Генерального Прокурора обращаться:

– в Конституционный суд в соответствии с пунктом 4 статьи 72 Конституции (рассматривает до ратификации международные договоры Республики на соответствие их Конституции, дает официальное толкование норм Конституции, а также нормативные правовые акты Республики Казахстан на их соответствие Конституции Республики);

– в Верховный суд с предложением о даче разъяснения судам по вопросам судебной практики по гражданским, уголовным, административным делам и делам об административных правонарушениях.

Кроме того, требования и запросы прокурора в рамках проводимой проверки соблюдения законности, анализа состояния законности, оценки актов, вступивших в силу, рассматриваемых обращений и осуществления иных своих полномочий обязательны для исполнения физическими и юридическими лицами, в том числе государственными органами, учреждениями, организациями независимо от форм собственности, их должностными лицами.

Акты прокурорского надзора и реагирования обязательны для рассмотрения, исполнения органами, организациями и должностными лицами, которым они адресованы.

Нерассмотрение, а равно ненадлежащее рассмотрение, неисполнение актов прокуратуры либо невыполнение законных требований прокурора влекут ответственность, установленную законами Республики Казахстан.

В целом, Конституционный закон будет способствовать эффективному соблюдению прав и свобод граждан, интересов бизнеса, общества и государства.

Прокуратура Ақтоғайского района.

Тіл тағдыры – ұлт ғұмыры

Тіліміздің мәртебесін көтерейік

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары ел алдынан шыққан күрмеуі қиын көптеген мәселелердің ең бастысы қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру еді. Осы жолда тіліміз қаншама тар жол, тайғақ кешуден өтіп, еліміз деген азаматтарымыздың қажыр-қайратының арқасында ғана өз тұғырына орнықты.

Мемлекеттік тілді насихаттау, ақпараттық қолдау көрсету, бұқаралық ақпарат құралдарында тілдік ортаны қалыптастыру – аса маңызды бағыттардың бірі. Тіл туралы жасалып отырған бағдарламалардың маңыздылығына, сапасына, сондай-ақ, тіл мәдениетін жетілдіру жағына, қазақтың әдеби тілінің нормаларының қатаң сақталуына басты назар аударылу керек. Ақпараттық шаралар тілдік ортаны қалыптастыруға, еліміздің тіл саясатының, оның ішінде мемлекеттік тілді ұдайы насихаттау мен

мәртебесін арттыруға, азаматтарымыздың оны оқып-үйренуі үшін жағдай жасауға, жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып, тіл мәдениетін және патриотизмді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жалпы, мемлекеттік тілдің дамуы барлық мемлекеттік органдарға, мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдарға, қоғамдық қатынас салаларына да қатысты. Мәселе мемлекет саясатының ажырамас бөлігі ретінде біртұтас тіл саясатын жүзеге асырып, сондай-ақ биліктің, партиялар мен қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік тілді дамытуға деген ниеті мен ықыласын аударуда болып отыр.

Елдің келешегі – білімді жастар. Қазақстанның жастары жан-жақта білім алып, Отанымызға оралып жатыр. Білімді жас – біріншіден, өз халқының тыныс-тіршілігінен хабары бар, тарихы мен дәстүрін білетін, еліне жанашыр

бола алатын азамат. Бүгінгі білімді жас – ертеңгі білікті маман. Ал, білікті маман мемлекетіміздің, халықтың игілігіне қызмет етуі тиіс.

Қазіргі кезде мемлекеттік тілді білуге, қастерлеуге деген талап күннен – күнге жоғарылап келеді. Соның ішінде мемлекеттік қызметкерлер ана тілінде сөйлеп, ана тілінде сауатты жаза білуге, сөйтіп өзге ұлт өкілдеріне үлгі-өнеге көрсетулері тиіс.

Ендеше, ана тіліміздің асылын ардақтап, оны бағалай білейік. Тіліміздің ертеңі де, бүгінгі де өз қолымызда екенін есте сақтайық, ағайын!

Айнұр Бөгенбай,
Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі.

Құттықтаймыз!



Құрметті **Тлеубек Серікбол Жасұланұлы!**

Елеулі еңбегің үшін алған төсбелгің құтты болсын! Еңбекте жемісті бол. Алар асуларың көп болсын. Бұдан да

жоғары дәрежеден көріне бер. Халқыңның қалаулысы, еліңнің елеулісі бол. Алланың назарында, бақыттың базарында болуыңа тілектеспіз!

Тілек білдірушілер: анаң – Мейрамгүл, әпкең – Айгерім.

Табиғат – тал бесік

Шыршаны қорғайық

Жаңа жыл жақындаған сайын жер-жерде қылқан жапырақты ағаш сатушылар қарасы да көбейе түсетіні шындық. Ал тұрғындардың жасанды шыршаны емес, көбінесе табиғи шыршаны таңдайтыны да рас. Сол себепті де жыл сайын орман сақшылары шыршаны заңсыз отаудан қорғау шараларын жүзеге асыру мақсатында күшейтілген режимде жұмыс істеуге көшеді.

Осыған орай, «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінен арнайы жедел топтар құрылып, шыршаны заңсыз кесуден қорғау іс-шаралары барысында қызмет атқарады. Олар сондай-ақ, жыл сайын табиғат қорғау полициясы қызметкерлерімен бірлескен рейдтер жүргізеді.

Әрине, жаңа жылды орманнан келген әсем шыршамен қарсы алғанға не жетсін. Алайда, бір күндік қызыққа бола жасыл шыршаны жаппай кесе берсек не болады? Шырша ағашы баяу өседі, ал адамдар көбіне енді-енді тамыр таратып келе жатқан жас қарағайларды кеседі. Ал, сол кесілген ағашты бар болғаны бірнеше күн ғана пайдаланып, содан кейін лақтырып тастайтыны анық. Осы орайда еске сала кететін бір жайт, Қазақстан Республикасының заңдарында орман қорын күзету, қорғау, ормандарды молықтыру мен өсіру саласындағы заң бұзушылықтар үшін жауапкершілік белгіленген.



Жалпы, табиғат ұсынған әрбір дүниені онды-солды қолдану оның тепе-теңдігін бұзып, экологиялық тұрақсыздыққа әкеледі. Сондықтан, мемлекеттің баға жетпес байлығы – табиғатты қорғап, орманның «жасыл сұлуын» заңсыз отауға тек жаңа жыл қарсаңында ғана емес, жалпы жыл-он екі ай бойына қатаң тыйым салынады. Орманда өсіп тұрған ағаш та заңның қорғауында екенін ұмытпайық, ағайын!

Ең бастысы, қылқан жапырақты ағаштарды сақтай отырып, бәріміз бірге өлкемізді одан сайын көркейте түсейік.

Д.Мұқыш,

«Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» ММ инженері.

«Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы»

«Аяла» сән салоны ашылды

Еліміздің әлем көшбасшыларының қатарына қосылу жолындағы мақсат-мұраты айқын. Қай салада болмасын жеткен жеңісі мен жетістіктері жетерлік. Мемлекет тарапынан нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасы аясында

–Қыз-келіншектерге барлық қызметтің түрін көрсететін, көптің көңілін шығатын салон ашу көптен ойымда жүрді. Сол арманым жүзеге асып, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында қайтарымсыз грант алып,



ауданымыздың өзінде ауқымды жобалар іске асуда. Соның бірі ретінде заман талабына сай аудан орталығында «Аяла» сән салоны өз тұтынушыларына есігін айқара ашты. Қыз-келіншектерге әдемілік сыйлайтын орынды көп балалы ана Жанар Мұхтарбекова ашып отыр.

Жаңа нысанның салтанатты ашылуы барысында ауыл тұрғындары, сұлулық салонының жұмысымен танысып, оң бағасын берді.

– Мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге жыл сайын қолдау көрсетіліп, түрлі бағдарламалар шеңберінде қаржыландырылуда. Соның арқасында жергілікті халық өз кәсібін ашуға бетбұрып, кәсіптің сан-саласын игеруде. Бизнесінің тетігін тауып, менгерген әрбір жан өз мүмкіндігін толық пайдалануда. Демек, бүгін ашылғалы отырған нысан сол қолдаудың жемісі. Бұл сән салоны ауылдағы қыз-келіншектерге қызмет етіп, сұлулықтарын сақтауға сеп болмақ, – деді ауыл тұрғыны Света Кемелбаева.

Өз кезегінде, сән салонының ашылуына жиылған жұртшылық ләпта қиып, жұмыстың нәтижелі болуына ақжарма тілектерін жеткізді. Ауданның қыз-келіншектеріне оңтайлы қызмет көрсетуге бағытталған сән салонында кәсіби біліктілігі жоғары маман қызмет етеді. Бір мезетте, бет әрлеу, шаш күтімі мен сөндеу, қас-кірпікті безендіру сынды тағы да басқа қызмет түрін ұсына алады. Үнемі ыждағаттылық пен ұқыптылықты қажет ететін саланың қыр-сыры баршаға мәлім. Сол себепті де салон өз тұтынушыларына бар өнерін салып қызмет ететінін айтады «Аяла» сән салонының иесі, кәсіпкер Жанар Айтмұхаметқызы.



қызымның есімімен «Аяла» салонын аштым. Салонға кірген адам шаш пен қасты қиып, тырнағын бояп, кірпігін ұзартып хас сұлуға айналады. Қазір қарапайым қонаққа бару үшін салон қызметіне жүгінетін болдық. Мәнің мақсатым – әр тұтынушыға сапалы қызмет көрсету. Ол үшін уақытпен санаспай жұмыс жасап, тәжірибе жинадым, – дейді Жанар.

Бүгінде шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан көп мүмкіндік қарастырылған. Жанардың болашаққа құрған жүйелі жоспарлары аземес. Отағасы Талғат жұбайының әр бастамасына қолдау білдіріп келеді. Кәсіпкерлікке мықтап бетбұрған кейіпкеріміз болашақта өз ісін кеңейтіп, әлі талай жобаларды дүниеге әкелсем дейді.

Гүлнар Елүсізова.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

